

Жүк көлігі, пошталық және курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтерінің өзгеруі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға, өсуі +, төмендеуі -



Құрылыстағы баға индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

	2018	2019	2020	2021	2022
Құрылыстағы баға индексі	103,9	101,6	99,7	105,7	101,4
Құрылыс-монтаж жұмыстары	104,2	100,5	99,1	106,2	101,3
Машиналар мен жабдықтар	102,5	103,9	100,9	101,1	100,9
Өзге де жұмыстар мен шығындар	104,0	104,1	101,3	104,0	107,7

2022 жылы құрылыстағы баға индексі – 101,4%, сатып алынған құрылыс материалдары бағасының индексі 104,4% құрады.

Тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі

өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Сізге толығырақ ақпарат қажет пе?

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz Интернет-ресурсынан таба аласыз.

Әр түрлі салыстыру кезеңдерімен: өткен айға, өткен жылғы желтоқсанға, өткен жылғы тиісті айға, өткен жылғы тиісті кезеңге, анықталған базалық кезеңге, сондай-ақ тоқсанға орташа, жартыжылдыққа және жылға, экономиканың барлық секторларындағы баға және тарифтердің өзгеруі туралы ағымдағы статистикалық ақпараттары бар айлық веб-жарияланымдар, айлық және тоқсандық электрондық кестелерді «Басты» / «Салалар (Экономика) Баға статистикасы» бөлімінен таба аласыз.

Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Баға статистикасы департаментіне хабарласыңыз:

Жақыпбекұлы Қуанышбек

Департамент директоры

Тел. +7 7172 749057

E-mail: ku.zhakypbekuly@aspire.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:

010000, Қазақстан Республикасы
Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Бірыңғай байланыс орталығы: 1446
Электрондық мекенжай: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурсы: <http://stat.gov.kz>



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

www.stat.gov.kz

Баға статистикасы



Сіз білесіз бе...

- 2022 жылы қанттың ең жоғары тұтыну бағасы Эстония мен Чехияда – баға 2 есе, Польшада – 1,9 есе, Германияда – 1,6 есе, Италия мен Испанияда 1,5 есеге өсті. Анықтама: 2022 жылы Қазақстан Республикасына қанттың импорттық түсімдерінің баға индексі – 132,1%, өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің баға индексі 119,7% құрады.

Қазақстан Республикасында баға статистикасы 20-дан көп негізгі индекстер бар, олардың әрқайсысы қабылданған стандартты жіктелімдеріне сәйкес бөлінген.

Баға статистикасының көрсеткіштері нарықтық экономиканың жай-күйін, баға өзгерісінің халықтың тұрмыс деңгейі мен іскерлік белсенділігіне әсерін бағалау үшін қолданылады.

Тұтыну бағасының индексі – жеке тұтыну үшін халықтың сатып алған тауарлар мен қызмет көрсетулердің тіркелген жиынтығы бойынша бағалардың орташа деңгейінің әр уақыттағы өзгерісін сипаттайды. Бұл көрсеткіш инфляция деңгейін анықтайды.

Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі – республиканың өнеркәсіптік кәсіпорындарымен шығарылған дайын өнеркәсіптік өніміне және олармен көрсетілген өнеркәсіптік сипаттағы қызметтерге баға өзгерісін сипаттайды.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімін өткізу бағасының индексі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер өндірген және олар өткізудің әр түрлі арналары бойынша өткізген өнімнің іріктелген түрлеріне бағаның өзгерісін сипаттайды.

Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдер бағасының индексі республикада шығарылатын және басқа елдерге экспортталатын тауарлар бағасының өзгерісін сипаттайды.

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдер бағасының индексі республика қажеттілігіне дүниежүзілік қауымдастық елдерінен сатып алынған өнімдерге бағаның өзгерісін сипаттайды.

Құрылыстағы баға индексі құрылыс өндірісінің барлық кезеңдерінде: құрылыс-монтаждау жұмыстары, машиналар және құрал-жабдықтар, өзге де жұмыстар мен шығындарда қолданылатын материалдық-техникалық ресурстарға бағаның өзгеруін сипаттайды.

Тұрғын үй нарығындағы бағалар индексі жылжымайтын мүлік объектілерін сату мен жалға беру бағаларының өзгеруін сипаттайды.

Жүк тасымалдау тарифтерінің индексі көліктің әртүрлі түрлерімен (теміржол, құбыр, ішкі су, автомобиль, әуе) жүк тасымалдау бойынша қызметтерге тарифтердің өзгерісін сипаттайды.

Пошталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің индексі заңды тұлғаларға көрсетілген пошталық и курьерлік қызметтері тарифтерінің өзгеруін сипаттайды.


Байланыс қызметтері тарифтерінің индексі заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің уақытпен өзгеруін сипаттайды.

Экономиканың секторлары бойынша баға және тарифтер индексі

кезең соңына пайызбен					
	2018	2019	2020	2021	2022
Өткен жылғы желтоқсан = 100					
Тұтыну бағасының индексі	105,3	105,4	107,5	108,4	120,3
Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі	112,4	101,4	95,8	146,1	109,4
Құрылыстағы баға индексі	103,9	101,6	99,7	105,7	101,4
Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі	107,8	115,9	115,3	117,3	109,0
Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдер бағасының индексі	113,8	98,4	92,3	156,3	109,4
Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдер бағасының индексі	107,9	106,5	105,4	113,5	111,0
2015 жылғы желтоқсан = 100					
Тұтыну бағасының индексі	122,3	128,9	138,5	150,2	180,7
Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі	152,6	154,7	148,2	216,8	237,3
Құрылыстағы баға индексі	114,1	116,0	115,7	122,3	124,0

	2018	2019	2020	2021	2022
Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі	118,8	137,7	158,8	186,2	202,9
Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдер бағасының индексі	150,8	148,4	137,0	214,2	234,4
Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдер бағасының индексі	134,1	142,8	150,4	170,8	189,6

Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағаның өзгеруі



2022 жылы республикада инфляция 20,3% құрады. Баға азық-түлік тауарларына 25,3%, азық-түлік емес тауарларына – 19,4%, халыққа арналған ақылы көрсетілетін қызметтерге 14,1% өсті.


Тұтыну бағасының индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен					
	2018	2019	2020	2021	2022
Тұтыну бағасының индексі	105,3	105,4	107,5	108,4	120,3
Тамақ өнімдері мен алкогольсіз сусындар	104,8	109,6	111,3	109,9	125,6
Алкогольді ішімдіктер мен темекі өнімдері	110,2	109,6	110,8	110,3	119,6
Киім және аяқ киім	107,8	106,7	104,8	105,5	117,6
Тұрғын үйлік қызметтер, су, электр энергиясы, газ және өзге де отынның түрлері	103,2	97,3	103,5	109,2	115,6
Үй тұрмысына қажетті заттар	106,6	106,0	107,6	106,3	130,2
Денсаулық сақтау	107,1	106,6	107,4	105,2	117,1
Көлік	104,6	100,6	103,8	112,8	106,1
Байланыс	104,1	101,1	102,6	103,3	103,2
Демалыс және мәдениет	106,3	106,6	103,5	103,7	117,4
Білім беру	104,6	101,8	104,0	107,9	114,5
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	105,7	105,8	106,9	105,8	125,1
Әртүрлі тауарлар мен қызметтер	106,6	105,8	107,5	105,7	128,1

Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен					
	2018	2019	2020	2021	2022
Өнеркәсіп – барлығы	112,4	101,4	95,8	146,1	109,4
Өндірілген өнім	112,9	101,4	95,0	150,8	109,8
Өндірістік сипаттағы қызметтер	106,7	101,1	103,8	102,2	104,5

Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасының өзгеруі



2022 жылы өнеркәсіптік өнімдеріне (тауарларға, көрсетілетін қызметтерге) өндіруші кәсіпорындар бағасы – 9,4%, өңдеу өнеркәсібінде – 10,5%, тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда 9% жоғарылады.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен					
	2018	2019	2020	2021	2022
Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі	107,8	115,9	115,3	117,3	109,0
Өсімдік шаруашылығы өнімі	109,1	119,1	117,6	120,1	107,7
Дәнді дақылдар	114,1	130,6	118,8	115,5	110,1
Көкөністер	96,2	107,9	109,6	108,6	108,5
Картоп	85,9	102,5	122,5	126,4	102,4
Мал шаруашылығы өнімі	105,3	107,1	108,3	109,7	112,6
Мал мен құс	103,9	104,9	104,2	109,0	109,0
Шикі сүт	105,9	108,7	111,4	111,3	123,7
Жұмыртқа	112,9	117,6	121,4	112,4	118,6
Орман шаруашылығы өнімі мен көрсетілетін қызметтеріне баға индексі*	100,9	113,5	100,5	101,4	106,4
Балық аулау және балықсәіру өнімінің баға индексі*	112,2	108,6	100,1	104,4	108,7

*IV тоқсан өткен жылғы IV тоқсанға.

2022 жылы баға ауыл шаруашылығы өніміне 9% өсті. 2022 жылы өсімдік шаруашылығы өнімі 7,7%, мал шаруашылығы өнімі – 12,6% қымбаттады.